



**Орал қаласы**

**2023 ж. 28-29 қыркүйек**

### **Баспасөз хабарламасы**

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 28-29 қыркүйекте «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында өткізеді.

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

Туризмнің әртүрлі түрлерімен айналысу балалық шақтан бастап азаматтық сезімді, туристік мәдениетті тәрбиелеуге мүмкіндік береді, өскелең ұрпақты табиғатпен қарым-қатынас жасау арқылы салауатты өмір салтына баулуға, ерік пен руханиятты сезінуге, туған өлкені практикалық тануға, тарих және мәдениет ескерткіштерімен, қоршаған табиғатпен танысуға ықпал етеді.

Слетке жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының слет кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Слетке қатысушылар саны-180 адам.

Слет бағдарламасында «Халықтық дәстүр, әдет-ғұрып және өнер» және «Туризм-спорт, денсаулық, демалыс» бағыттары бойынша «Жас өлкетанушы» номинациясы бойынша іздестіру-зерттеу жұмыстарының жобаларын қорғау жоспарланған.

Қатысушылар өз презентацияларында ауызша халық шығармашылығының бай мұрасы, республикада тұратын халықтардың салт-дәстүрлері, туристік слеттерге, жарыстарға, жорықтарға қатысу туралы әңгімелейді.

Сондай-ақ, қатысушылар үш кезеңнен тұратын кедергілер жолағын еңсеріп, жартасқа өрмелеу жарыстарына қатысады.

Шығармашылық блокта өңірлердің өкілдері домбыраның немесе гитараның сүйемелдеуімен туристік әндерді орындау арқылы өздерінің өнерлерін көрсетеді.

Республикалық слетті өткізу салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына баулу, кіші отанды зерттеу арқылы экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетану қызметін жандандыру.

Слеттің әртүрлі кезеңдеріне қатысу оқушылардың тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қорғауға саналы көзқарасы мен қызығушылығы, әлеуметтік маңызы бар жобаларды әзірлеуге қатысуға, өз өлкесінде туризм мен өлкетануды дамыту бойынша өз бастамаларын көрсетуге ниеті бар.

Слет қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздар жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Жарыстың барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады:  
8 (7172) 64-75-89; e-mail: [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru).